

«Балбөбек» жеке балабақшасы

«Ұлы жеңіс жасасын»

Тәрбиеші: Амангалиева Б.А

Орал қаласы 2023ж

Ұлы жеңіс күні (жеңіс күні ертеңгілігі)

Мақсаты: 1. Отанды қорғауға елдің, жердің қадір қасиетін түсінуге, Туган ел үшін жан пида болған батыр аттарын естеріне сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілік: батырлар суреті, мақалдар, буклеттер.

Барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Бүгін үлкен мереке Отанды қорғаушылар күні. Қазақ батырларының жеңісі күні.

Бастаушы: Жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп қызмет етуден аяйба деген даналап. Ел басына күн туган кезде жауға қарсы ұмтылған батырлар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Қазақ батырлары: Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов, Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова.

Балалардың тапқартары:

Ералы: 1. Жеңіс келді әке боп,

Жеңіс келді, алақай!

Жетім қалған балаға

Тоя жейтін нан болып.

Амина: 2. Атам отан қорғаған

Онда қорқақ болмаған

Алтын жұлдыз кеудеде,

Нағыз батыр ол маған!

Расулбек: 3. Қосылған соң қатарға,

Еңбек етем отанға!

«Болмасаң да ұқсап бақ», -

Деген Абай атам да!

Мирас: 4. Батыр Ата-анам да

Батыр үлкен ағам да

Ал үйдегі әжеміз

Алғыс айтар заманға.

Санжар: 5. Жеңіс келді далама,

Жеңіс келді ән болып.

Жеңіс келді қалама

Келді ауылға сән көрік.

Мақалдар:

1. Ердің ісі-келіс.

Ездің ісі-керіс.

2. Жүк ауырын нар көтереді;

Ел ауырын ер көтереді.

3. Батырға оқ дарымайды.

Батылға жау жоламайды.

4. Отан үшін отқа түс – күймейсің.

Арық үшін алыссаң- өлмейсің.

Қыздар: Катюша биі

Ұлдар: Сарбаздар биі

Ән: Көгершін

